









туралы Қамқоршылық кеңесті дереу хабардар етуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың Жарғысына және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді, функциялар мен міндеттерді орындауға міндетті.

## **6. Қамқоршылық кеңесінің отырысы**

### **6.1. Қамқоршылық кеңестің отырыстарын шақыру**

23. Қамқоршылық кеңес ұтымдылық, тиімділік және жүйелілік қағидаттарына сүйене отырып, Отырыстарды өткізу кестесін жасайды.

24. Қамқоршылық кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде бір рет өткізіледі. Қамқоршылық кеңестің отырыстары, оның ішінде кезектен тыс отырыстары Қамқоршылық кеңес Төрағасының немесе Басқарма Төрағасының бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін.

25. Күн тәртібін қалыптастыру, Қамқоршылық кеңестің мүшелерін және отырысқа қатысушыларды хабардар ету жөніндегі міндет Қамқоршылық кеңестің хатшысына жүктеледі. Қор басқармасы барлық қажетті материалдарды Қамқоршылық кеңестің хатшысына уақтылы беруге міндетті.

26. Қамқоршылық кеңестің отырысына материалдарда мыналар:

1) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отырыстың күн тәртібі, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің атына түсіндірме жазбаларды;

2) Қамқоршылық кеңес шешімдерінің жобаларын;

3) құжаттардың жобаларын;

4) күн тәртібі бойынша қарау үшін қажетті өзге де қосымша құжаттарды, көрсетілген мәселелердің күн тәртібіне енгізілуін негіздейтін анықтамалық материалдарды қамтылуы тиіс.

27. Қамқоршылық кеңес отырысының күн тәртібіндегі мәселеге түсіндірме жазбаға және шешім жобасына мәселені күн тәртібіне енгізу бастамашысы қол қоюға тиіс.

28. Қор жанындағы Сараптама комитеттерінің құзыретіне кіретін отырыстың күн тәртібіндегі мәселелері тиісті Сараптама комитеттерінің отырыстарында алдын ала қаралады. Осы мәселелер бойынша Қор жанындағы Сараптама комитеттері отырыстарының хаттамаларынан үзінді көшірмелер беріледі.

29. Қамқоршылық кеңестің отырысына материалдарды Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне Қордың Қамқоршылық кеңесінің отырысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 4 (төрт) күннен кешіктірмей электрондық (PDF форматында сканерленген) түрде электрондық пошта арқылы жібереді.

30. Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің отырысына материалдар бойынша ескертулер және/немесе ұсыныстар болған кезде оларды отырыс күніне дейін күнтізбелік 1 (бір) күннен кешіктірмей Қамқоршылық кеңестің хатшысына жібереді. Қамқоршылық кеңестің хатшысы оларды отырыстың күн тәртібіндегі мәселе бастамашысының назарына жедел жеткізеді, ұсынылған ескертулерді және/немесе ұсыныстарды қарауды ұйымдастырады.

31. Күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты және терең қарау, ашық талқылауларды ынталандыру және келісілген шешімдерге қол жеткізу

мақсатында Қамқоршылық кеңестің Төрағасының немесе Басқарма Төрағасының бастамашылығымен Қамқоршылық кеңестің мүшелерімен күн тәртібіндегі мәселелерді алдын ала талқылау жасалуы мүмкін.

32. Қамқоршылық кеңестің отырысын Қамқоршылық кеңестің мүшелері хабардар етілген жерде немесе уақытта өткізуді мүмкін етпейтін немесе қиындататын мән-жайлар туындаған кезде жоспарланған күн тәртібі бойынша отырыс өзге орынға және (немесе) өзге уақытқа ауыстырылуы мүмкін.

33. Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелері жиналысқа келуге жеткілікті уақыт алу үшін Қамқоршылық кеңес отырысының орны немесе уақыты өзгергені туралы Қамқоршылық кеңестің хатшысымен алдын-ала хабардар етілуі керек. Өзгерістер туралы хабарлама Қамқоршылық кеңес мүшесінің хабарлама алуына кепілдік беретін кез келген нысанда Қамқоршылық кеңес мүшелеріне жіберіледі.

## **6.2. Қамқоршылық кеңес отырыстарының регламенті**

34. Қамқоршылық кеңестің отырысы кворум болған кезде күн тәртібінде көрсетілген уақытта басталады және отырысты Қамқоршылық кеңестің Төрағасы немесе ол болмаған кезде Қамқоршылық кеңес Төрағасының орынбасары ашады.

35. Қамқоршылық кеңестің отырысын өткізу үшін кворум осы Ереженің 45-тармағына сәйкес жазбаша пікірде білдірілген дауыстары бар Қамқоршылық кеңестің жоқ мүшелерін қоса алғанда, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысын құрайды.

36. Қамқоршылық кеңестің мүшесі отырыс басталғанға дейін 3 сағаттан кешіктірмей Қамқоршылық кеңестің Төрағасын және Қордың Басқарма Төрағасын болмау себептерін көрсете отырып, Қамқоршылық кеңестің отырысына қатысу мүмкін еместігі туралы хабардар етеді.

37. Кворум болмаған жағдайда Қамқоршылық кеңестің Төрағасы отырысты ауыстыру туралы хабарлайды және оны өткізу күнін белгілейді.

38. Қамқоршылық кеңесінің отырысы келесі кезеңдерді қамтиды:

- 1) отырыстың күн тәртібін бекіту;
- 2) күн тәртібіндегі мәселе бойынша баяндамашының сөз сөйлеуі;
- 3) күн тәртібіндегі мәселені талқылау;
- 4) күн тәртібіндегі мәселе бойынша шешімді тұжырымдау жөніндегі ұсыныстар;
- 5) дауыстарды санау және дауыс беру қорытындыларын шығару;
- 6) дауыс беру қорытындыларын және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қабылданған шешімді жария ету жатады.

39. Қамқоршылық кеңестің отырысына Қор Басқармасының мүшелері, Қордың қызметкерлері, сондай-ақ өзге де адамдар шақырылуы мүмкін.

40. Белгіленген тәртіппен бекітілген Қамқоршылық кеңес отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңестің шешімдері мынадай тәсілдермен қабылданады:

- күндізгі дауыс беру арқылы;
- сырттай дауыс беру арқылы.

41. Қамқоршылық кеңестің күндізгі отырыстары бейнеконференцбайланыс, конференцбайланыс (бір мезгілде Қамқоршылық кеңес мүшелерінің телефон кеңесі режимінде сөйлесуі) арқылы, сондай-ақ отырыстың барлық

қатысушыларына бір-бірін естуге және сөйлесуге мүмкіндік беретін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып өткізіледі.

42. Егер Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің отырысына қатыса алмаса, ол осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қамқоршылық кеңестің отырысы басталғанға дейін күн тәртібі бойынша электрондық (сканерленген) түрде жазбаша пікір жіберу арқылы дауыс беруге құқылы.

43. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі жазбаша пікір арқылы дауыс беруді барынша азайтуға тырысады.

44. Қамқоршылық кеңестің күндізгі отырысының күн тәртібін бекіту Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жай көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.

45. Отырыстың күн тәртібіндегі мәселе бойынша баяндама жасау үшін сөз сөйлеушіге 20 минутқа дейін, қосымша баяндама үшін – 10 минут, талқылауларда сөйлеу үшін – 7 минутқа дейін беріледі.

46. Қамқоршылық кеңестің шешімдері отырысқа қатысып отырған мүшелер санының жай көпшілік дауысымен және осы Ереженің 45-тармағына сәйкес жазбаша пікір берген Қамқоршылық кеңес мүшелерінің дауыстарын ескере отырып қабылданады.

47. Қамқоршылық кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Қамқоршылық кеңестің бір мүшесінің дауысын Қамқоршылық кеңестің басқа мүшесіне не үшінші тұлғаға беруіне тыйым салынады.

48. Қамқоршылық кеңестің мүшесі өзінің тағайындалуына, сайлануына немесе қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспайды.

49. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңес мүшелерінің дауыстарын санауды жүргізеді. Дауыстар тең болған кезде Қамқоршылық кеңес Төрағасының немесе Қамқоршылық кеңестің отырысына төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болып табылады.

50. Күндізгі тәртіпте өткізілген отырыста қабылданған Қамқоршылық кеңестің шешімдері осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді.

51. Отырыс хаттамасын Қамқоршылық кеңестің хатшысы жүргізеді.

52. Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасына Қамқоршылық кеңесті Төрағасы немесе отырыста оның міндетін атқарушы тұлға және Қамқоршылық кеңестің хатшысы отырыс өткізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей қол қояды.

53. Сырттай дауыс беру Қордың Қамқоршылық кеңесін шақыруға бастамашылық жасауға құқығы бар тұлғалардың бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап Қамқоршылық кеңестің Төрағасына жазбаша нысанда ұсынылады және дауыс беруге қойылған, нақты және біржақты тұжырымдалған мәселелерді қамтиды.

54. Қамқоршылық кеңес сырттай отырыстың күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.

55. Осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді және өзге де ақпаратты (материалдарды) Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне электрондық пошта немесе өзге де байланыс арқылы жіберуге тиіс немесе жеке

өзіне табыс етеді.

56. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдер кворум болған кезде белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерге сәйкес Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданған болып танылады.

57. Сырттай дауыс беру арқылы шешім Қордың Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетеньдерді қоса бере отырып, осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес ресімделеді.

58. Қамқоршылық кеңестің сырттай отырысы арқылы шешімге бюллетеньдерді берудің белгіленген мерзімі күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Қамқоршылық кеңестің Төрағасы мен Қамқоршылық кеңестің хатшысы қол қояды.

59. Қордың Қамқоршылық кеңесі отырыстарының хаттамалары мен шешімдері, Қордың Қамқоршылық кеңесі отырыстарының материалдарын қоса алғанда, Қамқоршылық кеңестің хатшысында сақталады және олар қабылданған кезден бастап 3 (үш) жыл аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіппен Қордың мұрағатына беріледі. Қамқоршылық кеңестің хатшысы мұндай құжаттарды Қор мұрағатына тапсырғанға дейін олардың сақталуына жауапты болады.

60. Қор Қамқоршылық кеңес мүшелерінің Қамқоршылық кеңес отырыстарының хаттамаларына, сондай-ақ Қамқоршылық кеңестің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдеріне қолжетімділігін тұрақты негізде қамтамасыз етуге міндетті.

## **7. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жауапкершілігі**

61. \_\_\_\_\_ өздерінің әрекеттерінен  
( \_\_\_\_\_ ) \_\_\_\_\_ ,

- 1) дәйексіз ақпарат ұсынған;
- 2) заңдарда белгіленген ақпарат беру тәртібі бұзылған жағдайлардың нәтижесінде келтірілген шығын үшін Қордың алдында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

## **8. Басқа ережелер**

62. Ережені бекіту, сондай -ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қордың Қамқоршылық кеңесінің ерекше құзыретіне жатады.

63. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Жарғыға енгізілген өзгерістер нәтижесінде осы Ереженің жекелеген нормалары оларға қайшы келсе, Ереженің осы нормалары қолданылмайды және Ережеге өзгерістер енгізілген сәтке дейін Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін және Қордың Жарғысын басшылыққа алады.



*«Қазақстан халқына» ҚҚ  
Қамқоршылық кеңесі туралы  
Ережеге  
1-қосымша*

**«Қазақстан халқына» ҚҚ  
Қамқоршылық кеңесінің  
мүшелеріне**

**«Қазақстан халқына» ҚҚ Қамқоршылық кеңес отырысының күн  
тәртібіндегі мәселе бойынша  
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

*«мәселенің атауын көрсету»*

Түсіндірме жазба 1-3 парақта жасалады, онда мыналар анық және қысқа көрсетілуі керек:

1. Мәселенің мәні, мәселені Қамқоршылық кеңестің қарауына шығару қажеттілігінің негіздемесі және ол бойынша ұсынылатын шешім. Ұсынылып отырған мәселе енгізілетін Қазақстан Республикасы заңнамасының не Қордың ішкі құжаттарының нормаларына сілтеме.

2. Қордың бюджетін негізге ала отырып, мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің шешімін іске асыруға байланысты мақсаттар, мерзімдер және болжанатын қаржылық шығындар.

3. Басқа мәліметтер.

*Түсіндірме жазбаға қосымшалар (бар болса) қоса беріледі, бұл ретте қосымшадағы парақтар саны көрсетіледі.*

«Қазақстан халқына» ҚҚ  
Қамқоршылық кеңесі туралы  
Ережеге  
2-қосымша

«Қазақстан халқына» ҚҚ Қамқоршылық кеңесінің күндізгі отырысына  
Қамқоршылық кеңесінің мүшесі (Т. А. Ә.)  
ЖАЗБАША ПІКІРІ

Нұр-Сұлтан қ.

20\_\_ жылдың «\_\_» \_\_\_\_\_

Қордың Қамқоршылық кеңесінің жоспарланған отырысына қатысу мүмкін болмағандықтан, Қамқоршылық кеңес туралы Ереженің \_\_ - тармағының негізінде отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз ұстанымымды ұсынамын.

**Күн тәртібі бойынша дауыс беремін:**

Т.А.Ә.	«ҚОЛДАЙМЫН»	«ҚАРСЫМЫН»	«ҚАЛЫС ҚАЛАМЫН»
<i>Т.А.Ә. көрсету</i>			

**№ 1 мәселе.** \_\_\_\_\_ *Мәселені тұжырымдау* \_\_\_\_\_.

**Қамқоршылық кеңес мүшесінің шешімі:**

1. *(шешімді тұжырымдау).*

Т.А.Ә.	«ҚОЛДАЙМЫН»	«ҚАРСЫМЫН»	«ҚАЛЫС ҚАЛАМЫН»
<i>Т.А.Ә. көрсету</i>			

«Қарсымын» немесе «қалыс қаламын» деп дауыс берген жағдайда Қамқоршылық кеңес мүшесі өзгеше пікірін білдіруге құқылы:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

«Қазақстан халқына» ҚҚ  
Қамқоршылық кеңесінің мүшесі

\_\_\_\_\_  
*Т.А.Ә.*

\_\_\_\_\_  
*қолы*

«Қазақстан халқына» ҚҚ  
Қамқоршылық кеңесі туралы  
Ережеге  
3-қосымша

**«Қазақстан халқына» ҚҚ  
Қамқоршылық кеңесінің күндізгі отырысына  
ХАТТАМА**

қ. №\_\_ 20\_\_ жылдың «\_\_» \_\_\_\_\_

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының (бұдан әрі – Қор) орналасқан жері:  
Қазақстан Республикасы, 010000, \_\_\_\_\_ қ., \_\_\_\_\_.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын өткізу орны: Қазақстан Республикасы, 010000,  
\_\_\_\_\_ қ., \_\_\_\_\_ бейнеконференцбайланыс арқылы.

Отырысқа Қамқоршылық кеңестің келесі мүшелері қатысады:

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:**

(тегі, аты, әкесінің аты)

**Қамқоршылық кеңестің мүшелері:**

(тегі, аты, әкесінің аты)

(тегі, аты, әкесінің аты)

(тегі, аты, әкесінің аты)

Қордың Жарғысына сәйкес Қамқоршылық кеңестің отырысын өткізу үшін кворум  
Қамқоршылық кеңестің дауыс беруге қатысатын мүшелерінің жалпы санының кемінде  
жартысын құрайды және Қамқоршылық кеңестің отырысы басталғанға дейін  
Қамқоршылық кеңестің Төрағасына жазбаша түрде берілген дауыстары бар Қор  
отырысының жоқ мүшелері ескеріле отырып айқындалуы мүмкін.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум бар (кворумның болуы/болмауы  
туралы ақпаратты көрсету, қажет болған жағдайда отырысқа қатыспаған мүшелердің жазбаша  
хабарламалары туралы ақпаратты көрсету).

**Шақырылған тұлғалар:**

(Қордың шақырылатын қызметкерлерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі)

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасын отырыс/Қамқоршылық кеңес  
хатшысы \_\_\_\_\_ жүргізді.

Қамқоршылық кеңестің отырысы \_\_ сағат \_\_ минутта ашылды.

Қамқоршылық кеңес отырысы күндізгі нысанда өткізіледі.

Қамқоршылық кеңестің қарауына Қамқоршылық кеңес отырысының келесі күн тәртібі ұсынылды:

1. отырыстың күн тәртібіндегі мәселенің атауын көрсету;
2. отырыстың күн тәртібіндегі мәселенің атауын көрсету

Егер отырыс мүшелері «қарсымын» немесе «қалыс қаламын» деп дауыс берсе, Қамқоршылық кеңес мүшесінің өз пікірін білдіруінің тиісті себептері көрсетіледі.

Қордың Қамқоршылық кеңесінің күндізгі отырысының күн тәртібі бойынша Қамқоршылық кеңестің мүшелері дауыс берді:

«**ҚОЛДАЙМЫН**» - (дауыстар саны, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің Т.А.Ә. көрсетіледі);

«**ҚАРСЫМЫН**» - (дауыстар саны, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің Т.А.Ә және Қамқоршылық кеңес мүшесінің «қарсымын» деп дауыс беру себептері немесе жеке ескертулері көрсетіледі);

«**ҚАЛЫС ҚАЛАМЫН**» - (дауыстар саны, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің Т.А.Ә және Қамқоршылық кеңес мүшесінің «ҚАЛЫС ҚАЛАМЫН» деп дауыс беру себептері немесе жеке ескертулері көрсетіледі);

**Қамқоршылық кеңес отырысының келесі күн тәртібі бекітілді:**

1. отырыстың күн тәртібіндегі мәселенің атауын көрсету;
2. отырыстың күн тәртібіндегі мәселенің атауын көрсету;

Күн тәртібінің мәселесі бойынша төмендегіні хабарлаған (баяндамашының лауазымы мен тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі) \_\_\_\_\_ сөз сөйледі.

\_\_\_\_\_  
(күн тәртібі мәселесінің мәні баяндалады)

Мәселені талқылауға \_\_\_\_\_ (мәселені талқылауға қатысқандардың тегі, аты, әкесінің аты және қажет болған жағдайда олардың түсініктемелерінің мәні қысқаша көрсетіледі) \_\_\_\_\_ қатысты.

Күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, (осы мәселе Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын НҚА ережелері көрсетіледі) \_\_\_\_\_ сәйкес **Қамқоршылық кеңес ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1) \_\_\_\_\_;  
2) \_\_\_\_\_;  
3) (лауазымын, тегін, атын, әкесінің атын көрсету) \_\_\_\_\_ осы шешімді іске асыруға байланысты қажетті шаралар қабылдансын.

Дауыс беру нәтижелері:

«**ҚОЛДАЙМЫН**» - (дауыстар саны, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің Т.А.Ә. көрсетіледі);

«**ҚАРСЫМЫН**» - (дауыстар саны, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің Т.А.Ә және Қамқоршылық кеңес мүшесінің «ҚАРСЫМЫН» деп дауыс беру себептері немесе жеке ескертулері көрсетіледі);

**«ҚАЛЫС ҚАЛАМЫН»** - (дауыстар саны, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің Т.А.Ә және Қамқоршылық кеңес мүшесінің «ҚАЛЫС ҚАЛАМЫН» деп дауыс беру себептері немесе жеке ескертулері көрсетіледі);

Қамқоршылық кеңесінің Төрағасы отырыстың күн тәртібі аяқталғанын жариялап, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері мен шақырылғандарға алғыс білдірді.

Қамқоршылық кеңестің отырысы \_\_\_ сағат \_\_\_ минутта жабылды.

Қамқоршылық кеңесінің Төрағасы \_\_\_\_\_ қолы ТАӘ \_\_\_\_\_

Қамқоршылық кеңесінің  
Хатшысы \_\_\_\_\_ қолы ТАӘ \_\_\_\_\_

«Қазақстан халқына» ҚҚ  
Қамқоршылық кеңесі туралы  
Ережеге  
4-қосымша

«Қазақстан халқына» ҚҚ қамқоршылық кеңесінің сырттай отырысының  
ШЕШІМІ

қ. №\_\_ 20\_\_ жылдың «\_\_» \_\_\_\_\_

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының (бұдан әрі – Қор) орналасқан жері:  
Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., \_\_\_\_\_.

Бюллетеньдерді тарату және осы хаттамаға қол қою күніне Қамқоршылық кеңестің  
мынадай мүшелері сайланды:

**Қамқоршылық кеңесінің Төрағасы:**

(тегі, аты, әкесінің аты)

**Қамқоршылық кеңес Төрағасының орынбасары:**

(тегі, аты, әкесінің аты)

**Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:**

(тегі, аты, әкесінің аты)

(тегі, аты, әкесінің аты)

Қамқоршылық кеңестің отырысын Қордың Қамқоршылық кеңесінің Төрағасы  
немесе Басқарма төрағасы шақырады (*тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі*).

Қамқоршылық кеңестің Ережесіне сәйкес Қордың Қамқоршылық кеңесінің күн  
тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы  
тиісті түрде қол қойылған бюллетеньдер (қоса беріледі) бойынша дауыстарды санау  
негізінде жүзеге асырылады.

Мәселелерді сырттай дауыс беруге шығару туралы 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№\_\_ хабарлама 20\_\_ жылдың «\_\_» \_\_\_\_\_ Қордың Қамқоршылық кеңесінің  
мүшелеріне табыс етілді (*егер хабарлаудың өзге тәсілі таңдалса, жеткізу тәсілін көрсету*).

Дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің аяқталу күні 20\_\_ жылдың «\_\_»  
\_\_\_\_\_ Қордың орналасқан жері бойынша: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.,  
\_\_\_\_\_ белгіленді немесе электронды түрде (сканерленген PDF форматында)  
Қамқоршылық кеңестің хатшысына электрондық пошта арқылы ұсынылады.

Ұсынылған бюллетеньдерге Қамқоршылық кеңес мүшелері қол қойды және  
олардан белгіленген мерзімде алынды (қоса беріледі).

**Сырттай дауыс беруге қатысты:**

**Қамқоршылық кеңесінің Төрағасы:**

(тегі, аты, әкесінің аты)

**Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:**

(тегі, аты, әкесінің аты)

(тегі, аты, әкесінің аты)

Шешім қабылдау үшін кворум бар.

**Қамқоршылық кеңестің қарауына Қамқоршылық кеңестің сырттай отырысының келесі күн тәртібі ұсынылды:**

1. сырттай отырыстың күн тәртібіндегі мәселенің атауын көрсету;
2. сырттай отырыстың күн тәртібіндегі мәселенің атауын көрсету;

Қордың Қамқоршылық кеңесінің сырттай отырысының күн тәртібі бойынша Қамқоршылық кеңестің мүшелері дауыс берді:

«**ҚОЛДАЙМЫН**» - (дауыстар саны, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің Т.А.Ә. көрсетіледі);

«**ҚАРСЫМЫН**» - (дауыстар саны, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің Т.А.Ә және Қамқоршылық кеңес мүшесінің «ҚАРСЫМЫН» деп дауыс беру себептері немесе жеке ескертулері көрсетіледі);

«**ҚАЛЫС ҚАЛАМЫН**» - (дауыстар саны, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің Т.А.Ә және Қамқоршылық кеңес мүшесінің «ҚАЛЫС ҚАЛАМЫН» деп дауыс беру себептері немесе жеке ескертулері көрсетіледі).

Күн тәртібіндегі \_\_\_\_\_ мәселе бойынша ұсынылған материалдарды қарап, (осы мәселе Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын НҚА ережелері көрсетіледі) сәйкес **Қамқоршылық кеңес ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;

«**ҚОЛДАЙМЫН**» - (дауыстар саны, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің Т.А.Ә. көрсетіледі);

«**ҚАРСЫМЫН**» - (дауыстар саны, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің Т.А.Ә және Қамқоршылық кеңес мүшесінің «ҚАРСЫМЫН» деп дауыс беру себептері немесе жеке ескертулері көрсетіледі);

«**ҚАЛЫС ҚАЛАМЫН**» - (дауыстар саны, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің Т.А.Ә және Қамқоршылық кеңес мүшесінің «ҚАЛЫС ҚАЛАМЫН» деп дауыс беру себептері немесе жеке ескертулері көрсетіледі).

**Қамқоршылық кеңесінің Төрағасы** \_\_\_\_\_ қолы *ТАӘ*

**Қамқоршылық кеңесінің Хатшысы** \_\_\_\_\_ қолы *ТАӘ*

*«Қазақстан халқына» ҚҚ  
Қамқоршылық кеңесі туралы  
Ережеге  
5-қосымша*

**«Қазақстан халқына» ҚҚ  
Қамқоршылық кеңес мүшесінің сырттай дауыс беру бюллетені**

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының (бұдан әрі – Қор) орналасқан жері:  
Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., \_\_\_\_\_.

Қордың Қамқоршылық кеңесінің отырысы шақырылды (*лауазымы, мәртебесі, тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі*).

Осы бюллетеньді Қордың Қамқоршылық кеңесінің мүшесіне ұсыну күні  
(Қамқоршылық кеңес мүшесінің тегі, аты және әкесінің аты) 20\_\_ жылдың «\_\_» \_\_\_\_\_.

Қол қойылған бюллетеньді 20\_\_ жылдың «\_\_» \_\_\_\_\_ сағат 18-00-ге дейін  
Қордың орналасқан жері бойынша Қамқоршылық кеңестің хатшысына немесе  
электрондық (PDF форматында сканерленген) түрде Қамқоршылық кеңестің хатшысына  
электрондық пошта арқылы кешіктірмей беру қажет.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша тиісті бағанға қол қоя отырып, Сізден шешімге  
қатысты дауыс беруіңізді сұраймыз.

Егер сіз шешімді қолдап дауыс берсеңіз, қолтаңбаңызды «ҚОЛДАЙМЫН»  
бағанына қоюыңызды сұраймыз.

Егер сіз шешімге қарсы дауыс берсеңіз, қолтаңбаңызды «ҚАРСЫМЫН» бағанына  
қоюыңызды сұраймыз.

Егер сіз қалыс қалсаңыз, қолтаңбаңызды «ҚАЛЫС ҚАЛАМЫН» бағанына  
қоюыңызды сұраймыз.

**Күн тәртібі:**

1. сырттай отырыстың күн тәртібіндегі мәселенің атауын көрсету;
2. сырттай отырыстың күн тәртібіндегі мәселенің атауын көрсету;

**Қамқоршылық кеңесінің мүшесі шешті:**

Қордың Қамқоршылық кеңесінің сырттай отырысының күн тәртібі бекітілсін.

Т.А.Ә.	«ҚОЛДАЙМЫН»	«ҚАРСЫМЫН»	«ҚАЛЫС ҚАЛАМЫН»
<i>Т.А.Ә. көрсету</i>			

(Күн тәртібіндегі ұсынылған мәселелермен келіспеу себептерін немесе Қамқоршылық кеңес мүшесінің «қалыс қалған» себептерін көрсету)

**Күн тәртібіндегі мәселе:**

1. (күн тәртібіндегі мәселе) \_\_\_\_\_  
Қамқоршылық кеңес мүшесінің күн тәртібіндегі мәселе бойынша шешімі:
  - 1.1. \_\_\_\_\_
  - 1.2. \_\_\_\_\_



<b>Т.А.Ә.</b>	<b>«ҚОЛДАЙМЫН»</b>	<b>«ҚАРСЫМЫН»</b>	<b>«ҚАЛЫС ҚАЛАМЫН»</b>
<i>Т.А.Ә. көрсету</i>			

\_\_\_\_\_.

(«ҚАРСЫМЫН» немесе «ҚАЛЫС ҚАЛАМЫН» деп дауыс берген жағдайда Қамқоршылық кеңес мүшесі өзінің өзгеше пікірін білдіреді )